

1. 14 тақырып. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының тарихи мұражайлары.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Қазақстан территориясында бүгінгі таңда саяси қуғын-сүргін құрбандарының тарихи мұражайлары ашылып, бұл саяси қуғын-сүргін құрбандарының тарихи мұражайларының тарихын жан-жақты қарастыру.

3. Лекция мазмұны. Долинка кентіндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» мұражайы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына, облыс әкімінің 2001 жылғы 24 ақпандағы Үкіміне, Шахтинск қаласы әкімінің 2001 жылғы 30 қарашадағы Шешіміне сәйкес Карлагтың ерікті қызметкерлеріне арналған бұрынғы емхана ғимаратында құрылған болатын. Бір сөзбен айтқанда Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарына естелік мұражайы Қазақстан аумағындағы ең әйгілі түзеу-еңбек лагері Карлаг аумағында құрылған. Мұражайдың жалпы көлемі - 166,9 ш.м., экспозициялық – 78, қор – 10 ш.м.

Мұражай үш экспозициялық залдан тұрды: негізгі композиция (52 ш.м.) залы, қолданыстағы кітапхана және Долинка тарихы залы. Экпозиция тұжырымдамасы жеке тұлға мен тоталитарлық жүйенің қақтығысы мен қарама-қайшылығына негізделеді. Интерактивті элементтерді қолданудың арқасында жеке және әлеуметтік-тоталитарлықтың қарсылығы драмалық қайшылықты тудырады, кейде көрерменнің өзі де бұған куә бола алады. Экпозиция құрылымын шартты түрде үш деңгейге бөлуге болады: 1) 1930-1950 жж. кезеңіндегі шынайы артефакттерден тұратын деңгей; 2) жасанды түрде «ескертілген» (мысалы, құжаттардың көшірмелері) түпнұсқалардың көшірмелерінен тұратын деңгей; 3) архитектуралық көмкеру – ішкі көріністің стационарлық элементтерінен (қабырғалар, қуыстар, терезелер) тұратын сәулеттің экспозициялық деңгейі.

Мұражай қорында түпнұсқалы экспонаттардың тым аз екендігін ескере отырып, экспозиция дәуір образын айқын суреттеу үшін көркемөнер тәсілдерін қолдана отырып архитектуралық көмкеруді жандандыру әдісі негізінде құрылған. Мұражайдың ақпараттық мағыналық толтырылуының көп бөлігін бірікпеген бөлек парақтардағы құжат көшірмелері және жазаланғандардың сөзінен жазылған естеліктер, яғни, материалды құжат-түпнұсқа ретінде мұражайлық құндылығы жоқ, бірақ тарихи тұрғыдан шүбәсіз ауызша айтылған айғақтар құрайды. Сондықтан экспозицияның негізгі суреттеу құралдарының бірі экспонаттар тұрған қуыстардағы дәуірдің тарихи құжаттарының көшірмелерінен, сондай-ақ бұрынғы тұтқындардың шынайы естеліктері мәтіндерінен құрастырылған фотопаннолар, бір қабырғадағы қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдардың портреттерінен жасалған фотоколлаж және фотосуреттер болып табылады.

2010 жылы Қарағанды облысы әкімі және Қарағанды қаласының мәдениет басқармасы департаментінің бастамашылығымен мұражайды кеңейту туралы шешім қабылданды. Осы мақсатта Карлаг ОГПУ басқармасының бұрынғы ғимаратының аумағы бөлініп берілді.

Карлаг ОГПУ басқармасының бұрынғы ғимараты сәулетшілер тобымен (авторы және консультант атақты совет сәулетшісі И.А. Фомин болған деп жорамалдайды сарапшылар) 1933-1935 жж. жобаланып, мыңдаған тұтқындардың күшімен салынған. Жалпы алаңы 3,5 мың ш.м. 2-қабатты ғимарат (қосалқы орын-жайлар ретінде пайдаланылған жертөле бөлігін қоспағанда) «сталиндік жаңа классицизм» кезеңіндегі қатаң классикалық стильде ұстанған. 1961 жылы басқарма орын-

жайында ауыл шаруашылық техникум орналасқан. 1971 жылдан 90-жылдардың басына дейін балалар шипажайы «Бригантина» болды.

Мұражайдың жалпы экспозициялық алаңы 2078,645 ш.м. құрайды – 17 экспозициялық зал. Мұражайдың тақырыптық залдары саяси қуғын-сүргіннің түрлі кезеңдері тарихын ашады. Олардың ішінде Қазақстандағы 20-30 жылдардағы аштыққа арналған зал; Карлагтың құрылу тарихы залы; жазасын арнайы лагерьлерде өтеген әйелдер мен балаларға арналған зал; Карлаг тұтқындарының фотосуреттері мен биографиялық деректері көрсетілген зал; халықтарды жер аудару кезінде 30-40 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған ғылым және мәдениет қайраткерлеріне арналған залдар; лагерь тұтқындарының өнеркәсіптік және ғылыми қызметіне арналған залдар, сондай-ақ қуғын-сүргінге ұшыраған қазақстандықтарға арналған залдар мол экспозициясымен ерекшеленеді.

Келушілерге лагерь орын-жайларының егжей-тегжейлі қалпына келтірілген инсталляциясы ең күшті әсер қалдырады. Карцер, зындан, ерлер және әйелдер камералары, бокс, азаптау камерасы және ату камерасы – жабдық бұйымдары мен тұтқындардың бейнелері қосыла келе лагерьдің шынайы орын-жайларын қайталайды.

Лагерьдің аумағы периметр бойына шамдары бар ағаш бағаналармен қоршалған. Дәліз шамдарының плафондары да мұражай экспонаттары және XX ғасырдың 30-жылдарына жатады.

Долинка кентіндегі естелік жерлері бойынша Марафон «Мамочкино» зиратындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу митингі өткізілген. «Жас іздеушілер» үйірмесі мектеп оқушыларына жүргізіледі. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыстарыда жасалынған. Айта кететін болсақ, «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қарлаг» тақырыбына бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Мұражай қорына шамамен XIX ғасырдың «Інжілден» бірнеше парак тапсырылды. Мұражай қорына жыл бойы православиелік діни кітаптары, иконалар сыйға тартылды. Этнографиялық заттар: тігін машинкасы «Зингер», «Кохлер», буфет, диван, ағаш ұршықтар тапсырылды.

2005 жылғы 22 қарашада Халықаралық «Мемориал», «Мәскеу мемориалы» тарихи-ағарту, құқық қорғау және қайырымдылық қоғамдары Мәскеуде АЛЖИР тұтқындарына арнаған үлкен фотокөрме ұйымдастырды. Оның авторы – Ресей фотосуретшілер одағының мүшесі – Николай Середа. 2003 жылы «АЛЖИР тұтқындары» атты кітап басылып шықты.

Бұл шаралар сол бір сұрапыл жылдарда Ақмола лагерінде тұтқын болған жандардың, олардың ұрпақтарының бір-бірімен хабарласып тұруына кең жол ашты. Мәскеу, Санкт-Петербург, Харьков, Пермь, Одесса қалаларында, Польшада, Литвада, Германияда, Америкада тұратын бұрынғы тұтқындардың туыстары «Мемориал» қоғамдық қорына 500 беттен астам тұтқындардың жазысқан хаттарын, ширек кездесетін фотосуреттерді, қызықты мәліметтер мен естеліктерді сыйға тартты.

Сталиндік қуғын-сүргіндер тарихының басты кезеңдерін көрсете отырып, өткен дәуір рухын жаңғырту арқылы сол тарих жайлы ақпаратты дамыту және жұртшылыққа тарату, өткен тарих куәсі – мұражай жәдігерлерін сақтау. Біздің мойындағы борышымыз - қанқұйлы жылдардың оқиғасын, құрбан болған боздақтар мен аналардың есімдерін ұмытпай ұлықтап, оларды мәңгі есте сақтау.

4. Оқытудың техникалық құралдары: глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)

1-деңгейдің сұрақтары

1. Долинка кентіндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» мұражайын баяндаңыз
2. «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандары мұражай-мемориалдық кешеніне баға беріңіз
3. Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайын баяндаңыз

2-деңгейдің сұрақтары

1. Мұражай қорында түпнұсқалы экспонаттарды баяндаңыз
2. Мәскеудегі АЛЖИР тұтқындарына арнаған үлкен фотокөрмеге баға беріңіз
3. XX ғ. 1920-1930 жж. халық ағартудың ұлттық жүйесін жасауға интеллигенцияның қосқан үлесін шешімін табыңыз

3-деңгейдің сұрақтары

1. Мұражай қорына жыл бойы православиелік діни кітаптары, иконалар сыйға тартылуын талқылаңыз
2. Мәскеуде АЛЖИР тұтқындарына арнаған үлкен фотокөрменің ұйымдастырылуын талқылаңыз.
3. 1920-1930 жж. халық ағартудың ұлттық жүйесін жасауға интеллигенцияның қосқан үлесін сыни бағалаңыз

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

- 1.«Ана тілі» газеті № 482-483 /22662/
2. «Акмолинская правда» газеті Назван,ие придумали узницы. 31.09.2012.
3. «Арқа ажары» №147 /16316/
- 4.«Егемен Қазақстан» газеті № 542-543 /27592/
- 5.«Ұлан» газеті
- 6.«Қазақстан тарихы» кітабы
7. Тасымбеков А. Жан даусы. Алматы - 1994
8. Тасымбеков А. Алжир архипелагы. Алматы - 1994
9. Дильманов С., Кузнецова Е. Карлаг. Алматы - 1997